

БЕКІТЕМІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі,
профессор

 Пеями Баттал
« 23 » 02 2024 ж.

БЕКІТЕМІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж.Темирбекова

02 2024 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

УЕ-ХҚТУ-048-2024


**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА (ЖҰМЫС) ДАЙЫНДАУ, РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ
ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Академиялық департамент директорының орынбасары М.Келеш
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшы орынбасары Қ.Полатбекова
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нурсой
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. Енгізілді - 2024
5. Тексеру мерзімі - 2027

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Түркістан, 2024



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 2–ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	4
6. Дипломдық жоба (жұмыс) мазмұны мен құрылымы	5
7. Дипломдық жобаға (жұмысқа) қойылатын жалпы талаптар	7
8. Диплом жобаны (жұмысының) тақырыптарына қойылатын талаптар	9
9. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға ұсыну тәртібі	10
10. Дипломдық жобаның (жұмысын) қорғау тәртібі	11
11. Өзгертулер, қосымшалар тіркеу тәртібі	11
12. Келісу, сақтау және тарату	12
13. Танысу парағы	13
14. Өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу парағы	14
15. Қосымшалар	25

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 3-ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) бакалавриат білім беру бағдарламаларын бітіруші білімгерлердің дипломдық жобаларды (жұмыстарды) дайындауына, рәсімдеуіне және қорғауына қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат білім беру бағдарламаларын бітіруші білімгерлердің дипломдық жобаларды (жұмыстарды) дайындауына, рәсімдеуіне және қорғауына жауапты құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 УЕ-ХҚТУ-048-2024 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университеттің осы Ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.11.2022 №152

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және жоғары ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген.

- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N583 Бұйрығы.

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы.

- ҚП - ХҚТУ- 7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 4-ші беті

Дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

ЖЖОКБ МЖМС - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ҚР ҒЖБМ-Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

АК - Академиялық департамент;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг бақылау және сапа орталығы;

ӘЖҰБ - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі;

ББ-Білім беру бағдарламасы;

ББОЖ – білім беру бағдарламасының оқу жоспары;

ЖЖОК ББ - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары;

ҚА-Қорытынды аттестаттау

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университе ережесі университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген Ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы Ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі Академиялық департамент басшысына жүктеледі.

4.4 Осы Ережені «ҚП-ХҚТУ-7.2.5-2020 Құжаттаманы басқаруға» сәйкес басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Бұл Ережені университеттің бакалавриат білім беру бағдарламалары негізінде білім алатын барлық білімгерлер дипломдық жоба (жұмыстарды) жазу кезінде негізгі нұсқаулық ретінде қолданады.

5.2 Дипломдық жоба (жұмыстарының) тақырыптарын бекіту және жетекшілерді тағайындау:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 5–ші беті

Білім алушылардың дипломдық жұмыстарына (жобаларына) жетекшілік етуді тиісті бейіндегі оқытушылардың және (немесе) кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша жұмыс жасайтын кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар мамандар атқара алады.

5.3 Дипломдық жоба (жұмыс) құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларының оқу жоспарында (ББОЖ) қорытынды аттестаттау ретінде, бітірушілердің жазбаша бітіру жұмысы болып табылады.

5.2.1 Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары университеттің Оқу-әдістемелік комитетте бекітіледі, рәсімі Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі бойынша өткізіледі;

5.2.2 Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және оқу жоспарымен қарастырылған барлық пәндер бойынша аралық аттестаттаудан сәтті өткен білім алушылар жіберіледі.

5.2.3 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін бағалау болып табылады.

5.3 Білім алушылар дипломдық жоба немесе дипломдық жұмыс жасай алады.

5.3.1 Дипломдық жоба оқулықтың қандай да бір бөлімінің әдістемелік әзірлемелері, тапсырмалар жинағы, жұмыс дәптерлері, көрнекі құралдар топтамасы, тесттер жинағы, дидактикалық материалдар жинағы, компьютерлік бағдарламалар, бейне сабақтар, презентациялар түрінде, сондай-ақ бейнематериалдарды міндетті түрде сақтай отырып орындалатын ғылымның нақты бір бағыты бойынша дайындалған жоба болуы тиіс.

5.3.2 Дипломдық жұмыстың ерекшелігі іргелі немесе іздестіру саласындағы ғылыми зерттеулер мәселесін шешу болып табылады және кеңейтілген теориялық бөлімді қамтиды;

5.3.3 Дипломдық жұмыс ғылыми-зерттеулік сипатқа ие және мамандығына байланысты өзекті ғылыми мәселелердің теориялық немесе тәжірибелік зерттемесі;

5.3.4 Тұтас алғанда дипломдық жобаға арналған ұсыным дипломдық жұмысқа да ортақ болып келеді.

5.4 Диплом жобаның (жұмысты) әзірлеу мақсаттары:

1) Мамандық бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын жүйелеу, бекіту мен кеңейту және нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мәселелерді шешу;

2) Ғылыми зерттеу әдісін меңгеру және өз бетінше жұмыс жүргізе алу мен мәселелерді шешу кезіндегі эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту;

3) Білім алушының қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет және кәсіби құзырлылық жағдайындағы дербес жұмысқа дайындығын анықтау;

4) Өзіндік жұмысты жүргізудің дағдыларын дамыту және ғылыми зерттеудің әдістемесін меңгеру және игерілетін мәселелер мен сұрақтарды шешуде тәжірибелер жасау;

5) Қазіргі өндіріс, ғылым, техника, мәдениет шарттарындағы өзіндік жұмысқа білім алушының дайындығын, сонымен бірге, оның кәсіби құзырының деңгейін анықтау.

5.5 Дипломдық жоба (жұмыс) құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушыларда: әр түрлі ақпарат көздерінен мәліметтерді табу, өңдеу, талдау және пайдалану, дербес жұмыс жасау, алған білімді іс-тәжірибеде қолдану, мәселені анықтау, қалыптастыру/тұжырымдау және шешу қабілеттілігін қалыптастыруы қажет.

5.5.1 Дипломдық жоба (жұмысы) белгілі бір ББ мен ғылым саласының бір өзекті мәселелесін зерттеу және өзбетінше ізденіс нәтижелерін қорытындылайды.

6. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА (ЖҰМЫС) МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

6.1 Дипломдық жоба (жұмыс) мазмұны келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

6.1.1 Ғалымдармен, аналитиктермен, практиктермен, инженерлермен, конструкторлармен, менеджерлермен, экономистермен бірге өткізілген зерттеулер мен жобалар шешімдерінің қорытындылануы;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 6-ші беті

6.1.2 Зерттелген объектілер бойынша ғылыми негізделген теориялық тұжырымдардың болуы;

6.1.3 Нақты мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелердің болуы.

6.2 Дипломдық жобаның көлемі 30 беттен кем емес. Дипломдық жұмыстың көлемі 50 беттен кем емес.

6.3 Дипломдық жоба (жұмыстар) келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- мұқаба (нөмірленбейді, Қосымша-1)
- титул парағы (Қосымша-2);
- 3 тілдегі аннотация (жұмыс қазақ тілінде болса, онда орыс, ағылшын, түрік тілдерінде, жұмыс орыс тілінде болса, қазақ ағылшын және түрік Қосымша-3)
- паспорт диплом жобасы үшін міндетті, (Қосымша-4);
- мазмұны (беттерді көрсете отырып, (Қосымша-5);
- нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда);
- анықтамалар (қажет болған жағдайда);
- белгілеулер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда);
- кіріспе;
- негізгі бөлім (зерттеу әдістемесі, эксперименттік бөлім);
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиттер тізімі (Қосымша-6);
- қосымшалар (қажет болған жағдайда)

6.3.1 Титул парағы. Титул беті дипломдық жобаның (жұмыстарының) бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі қызметін атқарады.

Титулдық бетте келесі мәліметтер көрсетіледі:

- министрлік атауы;
- университет атауы;
- факультет атауы;
- кафедра меңгерушісінің қорғауға жіберу туралы қолы;
- Дипломдық жобаның (жұмыстардың) тақырыптарының атауы;
- ББ тобының коды мен атауы;
- ғылыми жетекшісінің тегі мен аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы;
- білім алушының тегі, аты, әкесінің аты;
- қала және жыл.

Титулдық парақ дипломдық жоба (жұмыстардың) жалпы беттерінің нөмірленуінде қамтылады. Титулдық беттің нөмірі жазылмайды. Титулдық парақ 2 қосымшаға сәйкес ресімделеді.

6.3.2 Аннотация 3 қосымшаға сәйкес ресімделеді және мазмұнның бір құрылымы болып табылады. Дипломдық жобаның (жұмыстарының) жалпы беттерінің санына кірмейді.

6.3.3 Дипломдық жобаның паспорты (дипломдық жоба үшін міндетті) - бұл 700 таңбадан аспайтын сөзден тұратын мәтін, онда диплом жобасының паспортында келесі мәліметтер келтіріледі:

- жоба (жұмыстардың) тақырыбының атауы;
- жобаның (жұмыстардың) мақсаты мен міндеттері;
- жобаның (жұмыстардың) сипаттамасы;
- түйінді сөздер;
- жобаны (жұмыстардың) орындау мерзімі;
- жобаның (жұмыстардың) ғылыми жетекші(лері)сі туралы мәліметтер;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 7-ші беті

- жобаны (жұмыстардың) орындаушылар туралы мәліметтер.

Дипломдық жобаның (жұмыстардың) жалпы беттерінің санына кіреді. 4 қосымшаға сәйкес ресімделеді.

6.3.4 Дипломдық жобаның (жұмыстарының) мазмұны кіріспені, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (атаулары болған жағдайда) реттік нөмірлері мен тақырыптарын, қорытындыны, пайдаланылған әдебиттер тізімін және қосымшалардың атауларын қамтиды және онда дипломдық жобаның (жұмыстың) осы аталған элементтері басталған беттердің нөмірлері көрсетіледі. Мазмұны 5 қосымшаға сәйкес ресімделеді.

6.3.5 Нормативтік сілтемелер. «Нормативтік сілтемелер» атты құрылымдық элементінде дипломдық жоба (жұмыс) мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізбесі қамтылады.

6.3.6 Анықтамалық стандарттар тізімі: «Бұл дипломдық жоба (жұмыстар) келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылады» деген сөздермен басталады.

Тізбеге стандарттардың белгілері және белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен олардың атаулары енгізіледі.

6.3.7 Анықтамалар. «Анықтамалар» (қажет болған жағдайда) құрылымдық элементінде диссертацияда қолданылатын терминдерді нақтылау үшін немесе белгілеу үшін қажетті анықтамалар қамтылады.

Анықтамалар тізбесі: «Бұл дипломдық жобада (жұмыстар) анықтамаларымен бірге төменде келтірілген келесі терминдер пайдаланылады» деген сөздермен басталады.

6.3.8 Белгілер мен қысқартулар. «Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементінде дипломдық (жұмыс) жоба қолданылған белгілер мен қысқартулар тізімі қамтылады.

Белгілер мен қысқартулар дипломдық жоба (жұмыстар) мәтінінде келтіру ретімен немесе әліпби ретімен беріліп, әрқайсысының түсіндірмесі жазылады.

Анықтамалар мен белгілерді және қысқартуларды «Анықтамалар, белгілер және қысқартулар» деп аталатын бір құрылымдық элементте қамтып келтіруге рұқсат етіледі.

6.3.9 Кіріспе. Кіріспеде зерттеуге алғышарттардың сипаттамасы, Жобаның өзектілігінің негіздемесі, оның мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі, сондай-ақ қойылған зерттеу мәселелерінің қысқаша сипаттамасы және зерттеудің нақты әдістері қамтылуға тиіс. Кіріспеде сондай-ақ жобаның нақты бөлімдері үшін команданың әрбір мүшесінің жауапкершілік аймағын көрсете отырып, жоба командасының сипаттамасы беріледі.

6.3.10 Дипломдық жоба (жұмыстарының) негізгі бөлімінде зерттеудің мәні мен негізгі нәтижелері егжей-тегжейлі қарастырылады. Жұмыстың негізгі бөліміндегі бөлімдердің (тараулардың) саны оның мазмұнымен айқындалады (кемінде 2 тарау болуы шарт теориялық, теориялық талдау мен тәжірибелік –эксперименттік бөлімді қамтуы керек). Негізгі бөлім тарауларының мазмұны жоба (жұмыс) тақырыбына сәйкес келуі, оны толық және дәйекті түрде ашып, кіріспеде тұжырымдалған міндеттерге сай болуы тиіс. Әрбір тараудың соңында автордың зерттелетін мәселе бойынша өз ұстанымы көрініс тауып, теориялық және практикалық қорытындылар мен ұсыныстар жасалуы тиіс.

Дипломдық жобаның (жұмыстарының) негізгі бөлімінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

Дипломдық жобаның (жұмыстарының) негізгі бөлігі, әдетте, зерттеу объектісімен өзара байланысты мәселенің сипаттамасын, қойылған әрбір зерттеу мәселесі бойынша зерттеу нәтижелерін, тұжырымдар мен ұсыныстарды қамтиды. Кіріспе көлемі 3 беттен аспауы мүмкін. Негізгі бөлім, әдетте, 2-3 бөлімге бөлінеді, олардың әрқайсысында кіші бөлімдер (абзацтар) болуы мүмкін. Әр бөлім қарастырылған мәселелердің мәнін жинақтайтын қорытындылармен аяқталуы керек. Жобаның (жұмыстарының) негізгі бөлігінің көлемі-25 беттен кем емес.

6.3.11 Қорытынды нақты зерттеу объектісі үшін зерттелетін проблема бойынша нақты ұсынымдарды қамтуы тиіс. Қорытындыда жұмыста сипатталған әдістерді қолдана отырып, зерттеудің нақты нәтижелерінен туындайтын ұсынымдар ғана көрсетілуі мүмкін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 8-ші беті

6.3.12 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі және оларға жасалған сілтемелер GOST R 7.0.100-2018 немесе АРА 6 стильдерінің талаптарына сәйкес рәсімделеді (Қосымша-7).

6.3.13 Дипломдық жоба (жұмыс) қосымшалары дипломдық жоба (жұмыс) келесі парақтарында жалғасы ретінде рәсімделеді және оларға сілтемелерді Дипломдық жоба (жұмыс) мәтінінде келтіру тәртібімен орналастырылады. Жұмыстың қосымшасы Дипломдық жоба (жұмыстарының) қалған бөліктерімен бірге жалпы беттердің ретімен нөмірленуі тиіс.

6.3.14 Дипломдық жоба (жұмыстарына) рәсімдеуге қойылатын талаптар (Қосымша 8) көрсетілген.

7. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАҒА (ЖҰМЫСҚА) ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

7.1 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) орындау және қорғау кезінде бітірушілер мыналарды көрсетуі керек:

- білім деңгейі (жалпы эрудиция, жалпы кәсіптік білім, мамандығы бойынша және арнайы білім);
- кәсіби құзыреттілік (мамандық бойынша қолданбалы мәселелерді өз бетінше шешу үшін алған білімдерін қолдана білу);
- топта жұмыс істеу және жобалық топ ішінде де, одан тыс жерде де ортақ тіл табу мүмкіндігі;
- өз ойын дәйекті және негізді жеткізе білу, өз идеялары мен ұсыныстарын баяндау және қорғау.

7.2 Жобалық топтар құрамында 3 тен 5 білімгерге дейін (кей жағдайда 1 білімгер) болады, жоба ғылыми жетекшілердің басшылығымен орындалады

7.3 Дипломдық жоба (жұмыс) келтірілген барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін дипломдық жобаның авторы ретінде жобалық топ, жобаның толықтығы мен сапасы, сондай-ақ қабылданған шешімдер үшін білімгерлермен қатар жобалардың ғылыми жетекшілері де жауап береді.

7.4 Тақырыптарға және серіктестерге (тапсырыс берушілерге) байланысты жобалар пәнаралық (2 немесе одан да көп ББ қамтитын) немесе бір білім беру бағдарламасына бағытталған болуы мүмкін.

7.5 Дипломдық жоба (жұмыстар) тақырыбын қалыптастыру және тапсырыс берушілермен жұмыс:

7.6. Дипломдық жоба (жұмыстар) тақырыбын бітіртуші кафедра білім алушылармен жұмыс істеуге келісетін және оларды кәсіптік практика базасы ретінде қабылдауға дайын бизнес-серіктестермен, сондай-ақ мектеп, өндіріс орны, университет ішіндегі өзекті мәселелерді зерттеумен келіссөздер негізінде қалыптастырады.

7.7 Серіктестер болмаған жағдайда кафедра оларды іздеумен айналысуға міндетті, сондай-ақ Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығынан көмек сұрай алады.

7.8 Білім алушылар сонымен қатар жобаларға қызығушылық танытатын компанияларды өздері ұсына алады және тапсырыс берушінің сұраныстарына сүйене отырып жоба тақырыбын тұжырымдай алады.

7.9 Серіктестермен келіссөздерді ұйымдастыру кезінде тұтынушы мүдделерін және оның проблемаларын ескеру маңызды. Серіктестермен қарым-қатынастың міндетті құрамдас бөлігі жобалық ұсыныс (project proposal) болып табылады. Мәселені нақты анықтау үшін 1-1,5 бетте (project proposal) жобалық ұсыныс жасау керек, онда клиент компания туралы және шешілетін мәселе туралы ақпарат береді. Егер клиенттің уақыты болмаса, онда студентке компанияны зерттеу және мәселені өзі тұжырымдау тапсырмасы беріледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 9-ші беті

7.10. Бітіруші курс студенттерін өндірістік/дипломалды практика базаларына (қазан-қараша айлары) бөлу басталғанға дейін бітіртуші кафедралар дипломдық жобалық (жұмыс) топтарды қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

7.10.1 Факультет кеңестерінің отырыстарында қаралған дипломдық жобалардың тақырыптары білім алушыларға жеткізіледі және жобалық топтарды қалыптастыру үшін тіркеудің басталғаны туралы жарияланады.

7.10.2 Кафедра расталған жағдайда топтар өзін-өзі ұйымдастыра алады (барлық білім алушылар жобалық топтарға бөлінуі керек).

7.10.3 Кафедра жоба тақырыбына, практика базасының мүмкіндіктеріне және тапсырыс берушінің сұранысына қарай жобалық топтың ең көп құрамын анықтайды, жобалық топ, әдетте, бір басшымен жұмыс істейтін 3 адамнан тұрады. Пәнаралық жобада жобалық топ 3-5 адамнан тұруы мүмкін, бұл жағдайда менеджерлер әр ББ-нан тағайындалады.

7.10.4 Жобалық топтар бір немесе әр түрлі ББ білім алушылардың қатысуымен де құрылуы мүмкін.

7.10.5 Жетекшілер топтағы білім алушылардың жұмысына мониторинг жүргізеді. Білім алушылар үнемі зерттеу базасының өкіліне жобаның барысы және алынған нәтижелері туралы ақпарат береді

7.10.6 Жобалық топтағы білім алушылардың міндеттері:

Топ құрамында өз тақырыбын білім алушылар мен ПОҚ, сондай-ақ кейсі қаралатын компания (тапсырыс беруші) өкілдері алдында таныстыру;

- Жүктемені бір-біріне біркелкі тарату;
- Кафедра бекіткен кестеге сәйкес ғылыми жетекшілерге жоба шеңберінде жұмыстардың орындалуы туралы есепті уақтылы ұсыну;
- Академиялық адалдық қағидаларын сақтай отырып және басқа зерттеушілердің дайын шешімдерін көшірмей жобаны өз бетінше дайындау;
- Кафедра басшыларымен және практика базасынан (тапсырыс берушіден) байланыс жасау;
- Жоба бойынша кафедра белгілеген мерзімде алдын ала презентацияны ұсыну (Google disk пайдалану құпталады), рецензиялар мен пікірлер алу үшін талқылау;
- Басқа студенттердің жобалары бойынша презентацияларды талқылауға және түсініктеме беруге қатысу;
- Сауатты баяндауды және бірыңғай стильді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жобаның жалпы қорытынды нұсқасын редакциялау үшін топтан бір жауапты адамды анықтау;
- Кафедраға дипломдық жобаның қорытынды нұсқасын уақытында ұсыну.

8. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ (ЖҰМЫСТЫ) ТАҚЫРЫПТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Дипломдық жоба (жұмыс) тақырыптары заманауи жағдай мен болашақтағы ғылымның, техника мен мәдениеттің дамуына сай болып, мазмұны жағынан 6.2, 6.3 баптағы талаптарға жауап беруі қажет.

Диплом жобаның (жұмыс) тақырыптарын анықтағанда, өндіріс, ғылым және мәдениет мәселелері мен шынайы міндеттерін есепке алу ұсынылады.

8.2 Диплом жоба (жұмыс) тақырыптары ББ-на және кадр даярлау бағытына сәйкес болуы қажет .

8.3 Білім алушы диплом жоба (жұмысының) тақырыбын оқу-әдістемелік комитетте бекітілген тақырыптардан таңдайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 10–ші беті

Білім алушыға бекітілген тақырыптардан да тыс, кафедраның зерттеу, дайындық бағытына сәйкес тақырыпқа диплом жұмысын (жобаны) орындау құқығы кафедра меңгерушісінің келісімімен беріледі. Мұндай жағдайда білім алушы таңдаған тақырыбының негіздері дәлелденген тұжырымдамасын немесе осы тақырыпқа тапсырыс берген мекеменің хатын кафедраға тапсыруы керек.

8.4 Диплом жоба жұмысы тақырыптарының 30%-ы жыл сайын жаңартылып отырылуы тиіс.

8.5 Диплом жоба жұмысының тақырыптары университеттің кадр даярлаушы кафедрасында әзірленеді, факультет кеңесінде қаралып оқу-әдістемелік комитетке ұсынылады, шешімі негізінде бекітіледі.

8.6 Университетте даярланатын техникалық ББ бойынша диплом жоба (жұмыс) ғылыми-зерттеушілік сипатта болып, оның есептік-графикалық бөлімі болуы қажет.

8.7 Білім алушыға диплом жұмысының тақырыбы және ғылыми жетекшісі университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8.8 Дипломдық жобаны (жұмыс) бағаны жоғарылату мақсатында қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

8.9 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға диплом жобасын (жұмысын), қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

9. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ (ЖҰМЫС ТЫ) ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

9.1 Дипломдық жоба (жұмыс) алдын ала қорғаудан өту үшін кадр даярлаушы кафедраға тапсырылады.

9.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау кафедраның ашық отырысында білім алушылардың және ғылыми жетекшілердің міндетті түрде қатысуымен және қажет болған жағдайда, ғылыми кеңесшілердің қатысуымен өткізіледі.

Алдын ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

9.3 Алдын ала қорғаудан ойдағыдай өткен, қойылған талаптарға сәйкес ресімделген, аяқталған дипломдық жоба (жұмыс) ғылыми кеңесші мен білім алушының қолы қойылып, ғылыми жетекшіге электронды нұсқасы ұсынылады.

9.4 Ғылыми жетекші диплом жобаны (жұмысын) білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру туралы ережесіне сәйкес бітіру жұмыстарының (дипломдық жұмыстардың/жобаларның) бірегейлігін тексеруге мүмкіндік беретін плагиатқа қарсы интернет-жүйеде тексереді.

Плагиатқа білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарын бағалау критерийі ережеге сәйкес анықталады. Тиісті критерийі сәйкес келген жағдайда ғылыми жетекші диплом жұмысына (жобасына) жазбаша пікір жазады, оған қол қойып және қорғауға жіберілгендігі туралы жазбаша-пікірмен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады.

Диплом жоба (жұмысы) қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ диплом жұмысының (жобаны) қорғауға жіберілмегендігі жөніндегі өзінің жазбаша сын-пікірін жазады.

9.5 Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі диплом (жұмысына) жобаға нақты соңғы тұжырымын шығарады да, оны титул бетіне жазады.

Егер кафедра меңгерушісі білім алушының диплом жұмысын қорғауға жіберуге болмайды деп шешсе, бұл сұрақ білім алушы мен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Ғылыми жетекші теріс пікір берген диплом жұмысы қорғауға жіберілмейді және факультет кеңесіне бекітуге ұсынылады.

9.6 Кадр даярлаушы кафедраның қорғауға ұсынған диплом жұмысын (жоба) сын пікір жазу үшін алдын ала бекітілген сын пікір берушіге жіберіледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 11-ші беті

9.7 Кадр даярлаушы кафедра меңгерушісінің өндіріс және ғылыми ұйымдардың мамандары арасынан ұсынған сын пікір жазушылардың тізімі ректордың бұйрығымен бекітіледі. Сын пікір жазушылар ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлар, доценттер, оқытушылар қатыстырылады.

9.8 Сын пікір жазушылардың базалық жоғары білімі болуы тиіс және/немесе қорғалатын диплом жобасының (жұмысының) саласына сәйкес ғылыми атағы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы тиіс.

9.9 Сын пікір жазушы диплом жоба (жұмысына) жазбаша сын пікірін ұсынуы қажет, онда тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы, тақырыптың маманның кәсіби даярлығына, берілген ғылыми академиялық дәрежесі мен берілген біліктілігіне сәйкестігі, жүргізілген зерттеудің дербестігі, қорытынды мен ұсыныстарының барлығы, мәселелердің шешілу және зерттеудің аяқталуы дәрежесі көрсетіледі.

Сын пікірде баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағасы және академиялық дәрежесі мен біліктілік берілу мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі.

9.10 Ғылыми жетекшінің қорғауға жіберген, бірақ сын-пікір жазушының F - «қанағаттанарлықсыз» деп бағалаған, диплом жұмысы және жобаның жалпы жағдаймен қорғалады.

10. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ (ЖҰМЫСЫН) ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

10.1 Дипломдық жобаны (жұмысын) плагиатқа тексерілгеннен кейін және пікір мен сын-пікір алғаннан кейін кафедраға қағаз және электронды түрде ұсынылады.

10.2 Дипломдық жобаны (жұмысын) қорғау Комиссия мүшелерінің кемінде 50% - ы қатысатын Қорытынды аттестаттау комиссиясының ашық отырысында жария түрде өткізіледі.

10.3 Тапсырыс берушінің қалауы бойынша Тапсырыс беруші компанияның базасында жобаларды алдын ала қорғау ұйымдастырылуы мүмкін.

10.4 Пәнаралық жобаларды көпшілік алдында қорғауды ұйымдастыру үшін тиісті мамандықтар бойынша Қорытынды аттестаттау комиссиялары мүшелерінің, ректорат өкілдерінің және тапсырыс берушілер/серіктестер өкілдерінің қатысуымен университет деңгейінде жалпы комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте қорғау хаттамалары ББ бойынша Қорытынды аттестаттау комиссияларында рәсімделеді.

10.5 Ғылыми жетекшілер жобаларды қорғау жөніндегі отырыстарына тапсырыс берушілердің өкілдерін шақыруға міндетті.

10.6 Қорғау Университетте қолданылатын оқыту тілдерінің кез келгенінде жүргізілуі мүмкін.

10.7 Дипломдық жобаны (жұмысын) талқылауға сұрақтар мен баяндамалар түрінде қатыса алатын барлық мүдделі тұлғалар қорғауға қатыса алады.

10.8 Дипломдық жоба (жұмысын) бойынша жұмыс қорытындылары Қорытынды аттестаттау комиссиясы алдында презентацияның ұзақтығы-15-20 минут. Сұрақ-жауап уақыты-10 минут.

10.9 Жобаның ғылыми жетекшілері жоба бойынша жазбаша пікірлер ұсынады. Жобаға сыртқы рецензияларды рецензенттер және / немесе Тапсырыс берушінің өкілдері ұсынады.

10.10 Дипломдық жобаны (жұмысын) қорғау нәтижелері бойынша жобалық топ мүшелерінің әрқайсысының өз бөлімдерін орындау деңгейі, алынған нәтижелерді қорғау, сұрақтарға жауап беру қабілеті, сондай - ақ ғылыми жетекшінің пікірін және рецензенттің бағасын ескере отырып, баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады.

10.11 Дипломдық жобаны (жұмысын) қорғау нәтижелері ББ бойынша Қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және олар өткізілген күні хабарланады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 12-ші беті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 12-ші беті

11. ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ҚОСЫМШАЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Білім саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының және университеттің бұйрықтары, қаулылары мен ережелеріне сәйкес толықтырулар мен өзгерістерді енгізеді.

11.2 Университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.2.5-2020 сәйкес жүзеге асады.

11.3 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1 Осы университет Ережесі Оқу әдістемелік комитет кенесінде талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі, хаттамамен рәсімделеді.

12.2 Осы университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөліміне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

12.3 Осы университет Ережесінің бақылау данасын СРСО -на сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э. Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму
вице-ректоры

А. Ошибаева

Қаржы және халықаралық байланыстар
вице-ректоры

М.Нурсой

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы

С.Кырықбаева

Заң бөлімінің басшысы

Ғ.Мұсаханов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі</i>		<i>25 беттің 15-ші беті</i>

Қосымшалар

Қосымша 1

Мұқабә бетті рәсімдеу үлгісі

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС НЕМЕСЕ ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі</i>		<i>25 беттің 16-ші беті</i>

Қосымша 2

Дипломдық жұмыстың титулдық бетті рәсімдеу үлгісі

Ф-ОБ-001/033

(Колонтитулга қойылады)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

«Қорғауға жіберілді»
«Математика»
кафедрасының меңгерушісі:
_____ техн.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
Кошанова М.Д.
«__» _____ 20__ ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

**Тақырыбы: Негізгі мектеп геометрия пәнін оқытуда практикаға бағытталған
есептерді шығару әдістемесі**

6B01509-Математика білім беру бағдарламасы бойынша
(жобаға бірнеше ББ қатысатын жағдайда барлық ББ жазылады)

Ғылыми жетекшісі: _____
(қолы)

ф.м.ғ.к., доцент
Назарова К. Ж.

Орындағандар: _____
(қолы)

Түркістан, 20__ ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі</i>		<i>25 беттің 17-ші беті</i>

Қосымша 2

Дипломдық жобаның титулдық бетті рәсімдеу үлгісі

Ф-ОБ-001/033-1

(Колонтитулға қойылады)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

«Қорғауға жіберілді»
«Математика»
кафедрасының меңгерушісі:

_____ техн.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
Кошанова М.Д.

«__» _____ 20__ ж.

(жобаға бірнеше кафедра қатысатын жағдайда барлық кафедралар жазылады)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

**Тақырыбы: Негізгі мектеп геометрия пәнін оқытуда практикаға бағытталған
есептерді шығару әдістемесі**

6B01509-Математика білім беру бағдарламасы бойынша
(жобаға бірнеше ББ қатысатын жағдайда барлық ББ жазылады)

Ғылыми жетекшісі:

(қолы)

ф.м.ғ.к., доцент
Назарова К.Ж.

Орындағандар:

(қолы)

(жоба тобының барлық ғылыми жетекшілерімен орындаушылары жазылады)

Түркістан, 20__ ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 18-ші беті

Қосымша 3

АННОТАЦИЯ

ABSTRACT

ÖZET

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 19-ші беті

Қосымша 4

Диплом жобасының паспорты

Жобаның тақырыбы	
Жобаның мақсаты мен міндеті	
Жобаның сипаттамасы	
Түйін сөздер	
Жобаны орындау мерзімі	
Жобаның ғылыми жетекшісі туралы ақпарат	
Жобаның орындалушылары туралы ақпарат	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі</i>		<i>25 беттің 20–ші беті</i>

Қосымша 5

Мазмұнын рәсімдеу үлгісі

Мазмұны

Аннотация	
Дипломдық жобаның паспорты (<u>дипломдық жоба үшін міндетті</u>)	3
Нормативтік сілтемелер	
Анықтамалар (<u>қажет болған жағдайда</u>)	
Белгілер мен қысқартулар	
 Кіріспе	 4
 1 (тарау атауы бас әріптермен және қанық әріптермен жазылады)	
1.1	
1.2	
 2 (тарау атауы бас әріптермен және қанық әріптермен жазылады)	
2.1	
2.2	
2.3	
 Қорытынды	
 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
 Қосымшалар	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 21-ші беті

Қосымша 6

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (GOST R 7.0.100-2018)

- 1 Мовсесян А. Г. Интеграция банковского и промышленного капитала: современные мировые тенденции и проблемы развития. – М.: Финансы и статистика, 1999. – 444 с.
- 2 Петров А. Н. Финансово-промышленные группы: мировые тенденции и национальные особенности // Мировая экономика и международные отношения. – 2004. – № 4. – С. 45–60.
- 3 Аникин А. В. Проблемы исследования современного финансового капитала: сб. научных трудов. Ин-т мировой экономики и международных отношений РАН. – М., 2003. – С. 234–343.
- 4 Аймағанбетова О. Х. Экономикалық психология: оқулық. – Алматы, 2005. – 179 б.
- 5 Андарова Р. К. Теория и стратегия экономического роста в условиях рынка: дис. д-ра экон. наук. – Алматы, 2002. – 300 с.
- 6 Ахметова Г. М. Қазақстан Республикасының экономикасындағы ақша-кредиттік реттеу құралдары: автореф., э.ғ.к. – Астана, 2001. – 23 б.
- 7 Сурин А. В. Десять лет подготовки управленческих кадров в Московском университете: опыт и проблемы. [Электронный ресурс: <http://www.> (27 мая 2007 г.)]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (APA 6 стилі)

- McCartney, G., Hearty, W., Arnot, J., Popham, F., Cumbers, A., & McMaster, R. (2019). Impact of Political Economy on Population Health: A Systematic Review of Reviews. *American journal of public health, 109*(6), e1–e12. <https://doi.org/10.2105/AJPH.2019.305001>
- Tangcharoensathien, V., Thammatach-Aree, J., Witthayapipopsakul, W., Viriyathorn, S., Kulthanmanusorn, A., & Patcharanarumol, W. (2020). Political economy of Thailand's tax-financed universal coverage scheme. *Bulletin of the World Health Organization, 98*(2), 140–145. <https://doi.org/10.2471/BLT.19.239343>
- Серков, Л.А. (2009). Анализ применения понятий "равновесная экономика" и "неравновесная экономика", "устойчивое развитие" и "неустойчивое развитие". *Экономический анализ: теория и практика, 16*(145) 31–37. <https://elibrary.ru/item.asp?id=12223486>
- Айнабек, Қ.С. (2004). Қоғамдық шаруашылық жүргізу теориясы (экономикалық теорияға және экономикаға балама). *Жеті жарғы, 232–236*.
- Gerasimenko, D., & Mazerolle-Castillo, E. (2022). Chapter 17 - Awareness-led social lab on circular economy in Switzerland: Exploring serendipity. In A. Stefanakis & I. Nikolaou (Eds.), *Circular Economy and Sustainability* (pp. 309-333): Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-819817-9.00025-9>

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 22-ші беті

Қосымша 7

Дипломдық (жұмыс) жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

Дипломдық (жұмыс) жоба А4 пішіміндегі ақ қағаз парағының бір жағында бір интервалмен, Times New Roman немесе Arial қарпімен 14 шрифтпен орындалуы тиіс.

Дипломдық (жұмыс) жобаның мәтінін жиектердің келесі өлшемдерін сақтай отырып басу керек: сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм. Азат жол (отступ) 0,8 см тең болады.

Дипломдық (жұмыс) жобаның құрылымдық элементтерінің «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Негізгі бөлім», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» және т.б. атаулары дипломдық (жұмыс) жобаның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады. Дипломдық (жұмыс) жобаның құрылымдық элементтерінің «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Әдебиеттерге шолу», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» және т.б. атаулары дипломдық (жұмыс) жобаның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

Дипломдық (жұмыс) жобаның/жобаның әрбір тарауы мен бөлімдері аяқталған ақпараттан тұруы қажет. Тараулардың атаулары дипломдық (жұмыс) жобаның тақырыбын ашып көрсетуі, ал бөлімдердің (параграфтардың) атаулары сәйкес тараудың тақырыбын ашып көрсетуі тиіс.

Тараулар мен оны құрайтын бөлімдердің (параграфтардың) атаулары олардың мазмұнын нақты және қысқаша дәріптеуі тиіс.

Тараулар мен оны құрайтын бөлімдер (параграфтар) азат жолдан (абзацтан) кейін бас әріппен, аяғында нүкте қоймай, астын сызбай жазылуы қажет. Егер де атаулар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

Дипломдық (жұмыс) жобаның беттерін араб сандарымен нөмірлеу қажет. Беттің нөмірі қағаздың төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

Титул беті жалпы беттердің нөмірленуіне қосылады. Титул бетіне нөмір қойылмайды.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар және кестелер дипломдық (жұмыс) жобаның беттерінің жалпы нөмірлеріне қосылады.

Дипломдық (жұмыс) жобаның тараулары абзацтан кейін араб сандарымен белгіленіп нүктесіз қойылған реттік нөмірлерімен басталуы тиіс. Бөлімдер тараулар аясында нөмірленуі қажет. Бөлім нөмірі, нүктемен бөлінген тарау мен оны құраушы бөлім нөмірлерінен тұрады. Бөлім нөмірінен кейін нүкте қойылмайды. Тарау екі немесе одан көп бөлімдерден тұрады.

Мысалы

1 (теориялық; талдау шолуы, т.б.)

1.1 }
1.2 } Құжаттың бірінші тарауындағы бөлімдердің
1.3 } (параграфтардың) нөмірленуі

2 (әдістемелік; жасалынған немесе ұсынылған моделдерді негіздеу, т.б.)

2.1 }
2.2 } Құжаттың екінші тарауындағы бөлімдердің
2.3 } (параграфтардың) нөмірленуі

3 (практикалық жүзеге асырылуы; техника-технологиялық; экономикалық, т.б.)

3.1 }
} Құжаттың үшінші тарауындағы бөлімдердің
} (параграфтардың) нөмірленуі

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 23-ші беті

ББ ерекшеліктеріне қарай Дипломдық (жұмыс) жоба екі не оданда көп бөлімнен тұруы мүмкін.

Дипломдық (жұмыс) жобаның әр тарауы жаңа парақтан (беттен) басталуы қажет. Бір тараудың ішіндегі бөлімдербір-бірінен мәтіннен екі жол төмен түсіріліп бөлінеді.

Дипломдық (жұмыс) жобағы иллюстрациялар (сызбалар, карталар, кестелер, схемалар, диаграммалар, түсірілген суреттер) ескертілген мәтіннен кейін немесе келесі беттерде орналасуы керек. Иллюстрациялар компьютермен де түрлі-түсті жолмен де орындалуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер болуы қажет.

Қосымшадағы иллюстрациялардан басқа иллюстрациялар араб сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс. Егер сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1», «Сурет» сөзі және оның аталуы жолдың ортасынан жазылуы тиіс.

Иллюстрацияларды бөлімдер шеңберінде (ішінде) нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда иллюстрациялар нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: 1.1-сурет.

Иллюстрациялардың қажет болған жағдайда, атаулары мен қоса түсіндіретін мәліметтері болуы мүмкін. Сурет астындағы мәтін, бұл жағдайда былай жазылады (ортада):

1-сурет - Банк жүйесінің құрылымы.

1-сурет - Инновациялық оқыту технологиясының даму тенденциясы

Иллюстрацияға сілтеме жасау барысында нөмірлеуде жақшаға «2-суретке сәйкес» деп жазу қажет, басынан аяғына дейін ал бөлім бойынша нөмірлеуде «1.2-суретіне сәйкес» болуы тиіс.

Кестелер көрнекілік ретінде және көрсеткіштерді салыстыру мақсатында қолданылады. Кестелердің атаулары оның мазмұнын ашу керек. Дәл, қысқаша болуы тиіс. Кестелердің атауын кестеден жоғары, жолдың енінен абзацтан кейінгі «Кесте 1» сөзінен соң келесі жолға орналастыру керек.

Кестені өзі ескертілген мәтіннен кейін орналастыру қарастырылады.

Барлық кестелерге магистрлік диссертация/жобада сілтемелер болуы тиіс. Сілтеме қоюда «кесте» деп нөмірлері көрсетіліп жазылуы қажет.

Көп жол мөлшердегі кестені келесі параққа (бетке) көшіруге болады. Кесте бөлігін келесі параққа (бетке) көшіру барысында «Кесте» сөзі және нөмірі бір рет кестенің бірінші бөлігінің сол жағына, ал келесі бөлігінде «Жалғасы» сөзі жазылады және кесте нөмірі көрсетіледі, мысалы: «1-кестенің жалғасы». Кестелерді келесі параққа (бетке) көшіру барысында тақырыбы тек қана бірінші бөлігінің үстіне орналастырады. Кестенің бөлігін көшіруде кестені шектейтін төменгі көлбеу сызық сызылмайды. Бірінші жағдайда былай жазылады (сол жағында):

1-кесте. Дәстүрлі және инновациялы білім беру мекемелерін салыстыру сипаттамалары

Екінші немесе кесте жалғасында былай жазылады:

1-кестенің жалғасы

Көп мөлшерлі графалы кесте қосымшаға енгізіледі.

Егер де кестенің әр түрлі жолдарындағы қайталанатын (графаларда) мәтін бір сөзден тұрса, онда ол бірінші жазылғаннан соң, тырнақшамен ауыстырылады; егер екі немесе көп сөзден тұрса, онда бірінші қайталанғаннан соң, оны «ол да солай» сөзімен ауыстырады, әрі қарай - тырнақшалармен. Қайталанып тұрған сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақшалар қоюға болмайды. Егер әріптік және былайғы мәліметтер қандай да кесте жолдарында келтірілмесе, онда оған сызықша қойылады.

Қосымшаға шығарылған кестелерден басқа, кестелер арап сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-048-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 24-ші беті

Бөлімдер ішіндегі кестелерді нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда кестелер нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұрады.

Кестелер. Кесте жақсырақ көріну және салыстырудың ыңғайлылығы үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі керек, дәл болуы керек. Кестенің атауын кестенің үстіне сол жақта, сызықша арқылы нөмірімен шегінсіз қою керек. Кестенің бір бөлігін беру кезінде атау тек кестенің бірінші бөлігінің үстіне қойылады, кестені шектейтін төменгі көлденең сызық сызылмайды, басқа бөліктердің үстіне "кестенің жалғасы" деген сөз жазылып, оның нөмірі көрсетіледі. Кесте бірінші рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек. Дипломдық жобада барлық кестелерге сілтемелер болуы керек. Сілтеме кезінде сіз оның нөмірін көрсете отырып "кесте" жазуыңыз керек. Қажет болған жағдайда кестеде мәтіннен кіші шрифт өлшемін қолдануға рұқсат етіледі.

Кесте дизайнының мысалы:

1-кесте. Аванстық капиталдың кірістілік деңгейі, %

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқулар (+;-)
1	2	3	4	5
1	Таза кіріс, мың теңге	5040	6538	+1498
2	Активтер, мың теңге	30512	37254	+6742
3	Табыстылық деңгейі, %	16,52	17,55	+1,03

Ескерту: дереккөз [2]

Кестелердің сол жағынан, оң және төменгі жағынан, ережедегідей, сызықпен шектелуі тиіс. Кестелердің шрифт мөлшерін, мәтіндегіден кем алуға рұқсат беріледі.

Графалардың аты, ережедегідей, кесте жолына қатарлас жазылады. Қажет болған жағдайда графалардың атын перпендикуляр орналастыруға рұқсат етіледі. Кестенің басы кестенің қалған бөлігінен жеке сызықпен бөлінуі тиіс.

«Ескерту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және сызылмауы тиіс.

Егер мәтін мазмұнына, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік не анықтамалық мәліметтер қажет болса, магистрлік диссертация/жобаға ескерту енгізіледі.

Ескертуді ескерту қатысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер арап сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сызықтың үстінен жазылады.

Формулалар және теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Әрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос, бір жолдан кем емес орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (X), бөлу (:), немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілу керек.

Дипломдық (жұмыс) жобаның формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшаға алынып, арап сандарымен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады.

Мәтіндегі өрнектердің реттік нөміріне сілтеме жақшаға алынып жасалады. Мысалы – (1) формулада.

Бөлімді құрайтын тақырып шегінде (ішіндегі) формулаларды нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда формула нөмірлері нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірлері мен формулалардың реттік нөмірінен тұрады, мысалы (3.1).

Пайдаланған дерек көздеріне сілтемелер квадратты (тік) жақшаға алынады: [5, 7]. Пайдаланған дерек көздеріндегі сілтемелер нақты, өзгеріссіз берілсе, онда беттері

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-048-2024</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Дипломдық жоба (жұмыс) дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі		25 беттің 25-ші беті

көрсетіледі. Әдебиеттерге сілтемелер былайша жазылады: қазақ тіліндегі: [100 Б 5-10 б; 1510 90 б.], [25, Б. 30-35] орыс тіліндегі: [10, С 5-10 200; 11, е 5590 с.], [25, С 30-35] † 90, с 29-38}; ағылшын тіліндегі: [10, Р 50-10200; 11, р -5590], [25, Р. 30-35].

Дерек көздері туралы мәлімет дипломдық (жұмыс) жобаның_мәтініндегі дерек көздерінің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек және абзацтан кейін арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді.

Қосымшалар осы дипломдық (жұмыс) жобаның_жалғасы ретінде келесі парақтарына рәсімделеді.

Дипломдық (жұмыс) жобаның_мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс. Қосымшаның аты болуы қажет, ол жеке жолға, мәтінге симметриялы түрде бас әріппен жазылады. Егер Дипломдық (жұмыс) жоба_бір қосымшадан тұрса, онда белгілемей жіберіледі.

Қосымшалардың дипломдық (жұмыс) жобаның қалған бөлімдерімен басынан асталатын ортақ нөмірлері болуы тиіс.